



Сыр бойы

№64
(20537)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 сәуір, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ӨРКЕН

ЖАҢАҚОРҒАНДА ЕКІ АУЫЛ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ



Кеше Жаңақорған ауданының «Бірлік» және «Қыраш» елді мекендеріне газ құбырын қосу рәсімі өтті. Алдағы уақытта тағы да 5 ауылға «көгілдір отын» кіргізу жоспарда бар. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі — ауылды кешенді түрде дамыту. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген болатын. Президентіміз бен Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Өткен жылы 14 газландыру жобасын жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, игерілді. Нәтижесінде 6 ауылды газға қостық. Осылайша өңірдің газландыру деңгейі 70 пайызға жетті. Бұл — 26 елді мекен, 583 мыңға жуық

тұрғын табиғи газбен қамтылды деген сөз. Биылға республикалық бюджеттен 7,4 млрд теңге бөлініп, 2022 жылы басталған 7 жоба жалғасты және 12 жаңа жобаның құрылысы басталады. Оның ішінде Жаңақорған ауданының «Жайылма», «Шалқия», «Құттықожа», «Төменарық», «Кейден» ауылдарына «көгілдір отын» кіргізу жұмыстары басталады. Бұдан бөлек, өткен жылы құны 3,4 млрд теңгені құрайтын Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электржелілік жүйені жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Соның арқасында кенттегі 70 шақырымға

жуық электр желісі жаңарып, қосымша жанадан 23 трансформатор орнатылады, — делі аймақ басшысы. Ауыл тұрғындарын қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов құттықтады, «Ақүйік» ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәулбек Бейсенбаев алғыс білдіріп, бата берді. Айтпа кетейік, «Ақүйік» ауылдық округіндегі «Бірлік» ауылына газ құбырын «Gas Energy Construction» ЖШС жүргізді. Оның ішінде Жаңақорған ауданының «Жайылма», «Шалқия», «Құттықожа», «Төменарық», «Кейден» ауылдарына «көгілдір отын» кіргізу жұмыстары басталады. Бұдан бөлек, өткен жылы құны 3,4 млрд теңгені құрайтын Жаңақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электржелілік жүйені жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Соның арқасында кенттегі 70 шақырымға

2-бет

ӨНІРДІҢ ҚАҚПАСЫ – ӨЗГЕШЕЛІКТІҢ АЙНАСЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына іссапары аясында Түркістан облысымен шекаралас аумаққа көрік берген кіреберіс қақпаны арнайы барып көріп, ауыл тұрғындарын құттықтады.

— Казіргі таңда Сыр өңірі серпінді құрылыс алаңына айналды. Сәулетті құрылыс — өркениет нышаны, жанару мен жаңғырудың жаршысы. Жана, еңселі қақпаны жерлесіміз, «СМП-Қызылорда» құрылыс компаниясының басшысы Әлімқұлов Темірхан Мәлікұлы өз демеушілігімен салды. Құрылысқа жеке қаражаты есебінен 200 млн теңгеден астам қаражат жұмсалды. Туған жерге жанашыр азаматтың еңбегінен өзгелер үлгі алады деген сенімдемін. Ел Президенті мен Үкіметтің Сыр өңірін

ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Ерекше атап өтуіміз қажет, 2023 жылға облыс бюджеті 520,7 млрд теңге көлемінде бекітілген болатын. Күні кеше нақтылаумен оның көлемі 592,8 млрд теңгеге жетті. Бұл 2022 жылғы бюджет көлемімен салыстырғанда 205,5 млрд теңгеге немесе 1,5 есеге артық, — деп атап өтті аймақ басшысы.

Жиналған қауымды қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы, еңбек ардагері Жарылқасын Шәріпов құттықтап, бата берді. Іс-шара соңында қақпа маңында автокөліктер шеруі ұйымдастырылып, салтанатты рәсімнің сәнін келтірді.

Айтпа кетейік, жанадан салынған қақпаның ені 43, биіктігі 17 метр, сыртқы қасбеті ұлттық нақышта безендірілген.

2-бет

САПАР

СПОРТҚА ЛАЙЫҚТЫ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Кеше ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Сәрсен Құранбек Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада спорт саласы қызметкерлерімен кездесті. Кездесуді облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов жүргізіп отырды.

Сб Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Облыс басшылығының қолдауымен өңірде бұқаралық спортпен шұғылданушылар қатарын арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Нәтижесінде былтыр қызылордалық жастар көптеген жарыста ел мерейін асқақтатты. Жергілікті спортшылар халықаралық ресми жарыстарда жүлде иелену бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Әлем, Азия чемпионаттары мен кубоктарында 218 медаль алып, 78 мәрте жеңіс тұғырына көтерілді.

— Облыста 97 спорт түрі дамыған. Оның ішінде 27-сі олимпиадалық, 30-ы олимпиадалық емес спорт түрлері саналады. Сондай-ақ, 3-і қысқы, 10-ы ұлттық, 1-і техникалық және 26-сы мүгедектер спорты. Өңірде 22 спорт мектебінде 21376 аламы оқиды. 2008 жылдан бері облыстан 21 үздігіміз ұлттық құрама сапында 4 жазғы Олимпиадаға барып қайтты. Олардың арасынан боксшы Камшыбек Қонқабаев пен ауыр атлет Александр Зайчиков қола медаль алды. Спорт

түрлерін одан әрі дамыту барысында жыл сайын облысымызда өңірлік федерациялар саны артып келеді, — делі Шахмардан Асқарұлы. Облыста денешынықтыру және спортпен айналысушылар санын 42, 2025 жылға дейін 50 пайызға жеткізу көзделген. Биыл тұрғындардың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру үшін 11 денешынықтыру-сауықтыру кешенін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ, алдағы уақытта Сырдария өзенінің сол жағалауынан 7 мың жанкүйерге арналған стадион ел игілігіне айналады. Халық сұранысын қамтамасыз ету мақсатында заманауи көпсалалы спорт кешенінің жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді.

2-бет



МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

СУБСИДИЯ: Жаңа портал неге «жаңылды?»

Облыста бірқатар шаруалар мемлекеттен берілетін субсидияны ала алмай отыр. Оған себеп — Ауыл шаруашылығы министрілігі «Qoldau» орнына ашқан жаңа gosagro.kz порталы толық іске қосылмаған.

Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Министрлік портал ақпанның басында іске қосылды деп ресми ақпарат тарапты, осы уақытқа дейін жүйе қалыпты жұмыс істеп тұр, барлық мәселе шешілген деп сендірумен келеді. Бірақ нақты жағдай өте мүшкіл. Жақында ғана облыстық кәсіпкерлер палатасы алаңында өткен жиында gosagro.kz порталы арқылы үш айда субсидияға қатысты бар болғаны 20 өтінім ғана қабылданғаны айтылды. Осылайша облыс фермерлері тиісті төлемдерді ала алмай отыр. Портал жұмысына қатысты шаруалар мен қаржы институттарынан көптеген шағым түсуде.

Өткен сәрсенбіде еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев субсидия беру жүйесінің көтермейтінін айтқан еді. «Субсидия алған кейбір пысықайлар өндірісті өркендетудің орнына бюджет қаржысын қалтасына басып, шалқып өмір сүрген. Ал қарапайым шаруалар үшін субсидия алу — қияметтің қиыны»

делі Президент. Сондай-ақ, субсидия беру жүйесі өте күрделі және қажетті мәлімет көпшілікке қолжетімді емес екенін айтып, субсидия бөлуі реттейтін жаңа цифрлық жүйе бұл түйткілді шеше алмай тұрғанын сынға алды. Субсидия қаржысы — фермерлердің, бизнес ұйымдары мен жұмыс орындарының қалыпты өнімді тірлігінің кепілдігі. Бірақ елімізде биыл шаруалар шамамен 256 млрд теңге көлеміндегі тиісті төлемді ала алмай, жүйенің дұрыс істемеуі салдарынан 40 мың фермер субсидиясыз қалуы мүмкін.

Оған қоса министрлік дерегіне, жанадан қосылған gosagro.kz жүйесі 60 млрд теңге сомасында 1,8 мың өтінімді немесе қаржыландыру көлемінің 37 пайызын кері қайтарып үлгерген. Қалыптасқан тәжірибеге сай мұндай өтінімдер 1 пайыздан аспауы тиіс болса, бұл да портал жұмысының толыққанды жетілмегенін көрсетеді.

2-бет



